

«АЛЖИР» – АЗАП АБАҚТЫСЫ

8-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



ЕСІРТКІСІЗ ҚОҒАМ – ЕЛДІК МІНДЕТ

9-БЕТ | ҚОҒАМ



ТОРҒАЙДЫҢ ТОПЖАРҒАНЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Зұлмат заманда тұтас халықтар құдалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды. Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды. Халқымыз небір зобаланды көрсе де, рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті.

№64  
(4652)  
Бейсенбі  
30 мамыр  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## 10 МЫҢ ТҮЛЕК ҰБТ ТАПСЫРАДЫ

Елордада 10 мыңнан астам түлек ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысады. Бұл туралы коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Астана қаласы Білім басқармасының бөлім басшысы Асыл Аманкелдиева мәлім етті.

«Биыл ұлттық бірыңғай тестілеу 5 рет өтеді. Атап айтқанда, ҰБТ 18 қаңтардан 10 ақпанға дейін; 1-31 наурыз аралығында; 10-20 тамыз аралығында – ақылы оқуға; 16 мамырдан 5 шілдеге дейін грантқа тапсырылады» деді Білім басқармасының өкілі.

Осылайша, астаналық 11132 түлектің 10870-і ҰБТ тапсырады. Қаңтардан наурызға дейін 10892 түлек тестілеуден өтті. Талапкерлерге тестілеуді екі рет тапсыруға мүмкіндік беріледі, екі сертификат та жарамды, ал ең жақсы нәтижемен гранттан үміттенуге болады.

## ТУРИСТЕРГЕ ТАРТЫМДЫ ШАҒАР

Жыл өткен сайын бас қала туристер үшін тартымды қалаға айналып келеді. Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының мәліметі бойынша өткен жылы елордаға 1036921 отандық турист келсе, 287126 шетелдік турист қонақ болған. Бас қалада ішкі туризмнің негізгі түрлері: тісе-туризм, іскерлік туризм және медициналық туризмнің даму қарқыны көңіл қуантарлық.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Жазасын тартпайтын жамандық жоқ.  
Жүйең баласаң



САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

## ЗҰЛМАТ ЗАМАН ТАУҚЫМЕТІ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Тарихи мәлімет бойынша өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда 125 мыңдай адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраса, оның ішінде 25 мыңға жуығы ату жазасына кесілген. Жыл сайын қазақстандықтар 31 мамырда құрбан болған боздақтарды еске алып, олардың рухына тағзым етеді.

6-7



## БАЛАЛАР МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛАДЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай бас қалада көптеген мерекелік іс-шара ұйымдастырылады.

Балалар мерекесі елорданың бес ауданында бірдей өтеді. Елордалық балалар қаладағы барлық қоғамдық кеңістік пен саябақта өтетін концерттерге, көрмелерге, спорт ойындарына, шығармашылық фестивальдер мен қайырымдылық акцияларына қатыса алады.

## ЕҢ ІРІ ИНВЕТОР ЕЛ

Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Астанаға жұмыс сапарымен келген Нидерланд Премьер-министрі Марк Рютте кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында саяси, экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты кеңейту перспективалары қарастырылды.

«Өзіңізбен 2015 жылы кездескен едік. Сол жүздесуді ерекше ықыласпен еске аламын. Сіздің өзара тиімді ынтымақтастығымызды дамытуға қосқан үлесіңізді жоғары бағалаймыз. Сіз басқа әріптестеріңізге қарағанда Премьер-министр лауазымын ұзақ уақыт атқарып келесіз және халықаралық деңгейдегі тәжірибеңіз орасан зор. Сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өткім келеді. Нидерланд – Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы. Елімізге құйылған тікелей инвестиция 120 миллиард доллардан асты. Елдеріміз бірлескен ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатыр» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нидерланд Премьер-министрінің елімізге сапары Астана мен Амстердам арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасты дамытуға тың серпін беретінін атап өтті.

Өз кезегінде Марк Рютте екіжақты серіктестік деңгейін жоғары бағалады. Сондай-ақ ол Қазақстан мен Нидерландтың ықпалдастығын одан әрі жандандыру қажет екенін айтты.

«Мен Астанада алғаш рет 2010 жылы болдым. Бұл менің жаңа Премьер-министр ретінде Еуропа Одағынан тысқары жерге жасаған алғашқы сапарым еді. Содан кейін 2015 жылы сапармен келдім. Сол кезде жүргізген

келіссөздеріміз әлі есімде. Екіжақты байланыстарымыздың қарқынды дамып келе жатқаны мені әрқашан таңғалдырады. Қазақстанның өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі теңгерімді ұстанымына айрықша құрметпен қараймын. Сонымен қатар еліңізді жаңа деңгейге көтеру үшін атқарып жатқан ісіңізді жоғары бағалаймын. Біз ауыл шаруашылығы, жасыл энергетика және су ресурстарын басқару салаларындағы идеялар мен әзірлемелерімізді бөлісуге дайынбыз» деді Нидерланд Үкіметінің басшысы.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық, энергетикалық және инвестициялық ынтымақ-



тастықты, сондай-ақ көлік, инновация, атом энергетикасы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, климат, су ресурстарын басқару салаларындағы байла-

ныстарды нығайту жолдары егжей-тегжейлі талқыланды. Бұдан бөлек, тараптар халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер

жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ Еуропа Одағымен ықпалдастық аясындағы диалогты жалғастыру маңызды екеніне назар аударылды.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ГФР Федералдық канцлері Олаф Шольцпен телефон арқылы сөйлесті. Германия тарапының бастамасымен өткен әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц екіжақты қатынастардың практикалық мәселелерін талқылады.

Атап айтқанда, Мемлекет басшысының былтыр қыркүйек айында Берлинге жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға баса мән берілді.

Тараптар сауда-экономикалық ықпалдастық қарқынды жоғары екеніне ерекше назар

аударып, іскерлік байланыстарды нығайтуға және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға өзара қызығушылық танытты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Олаф Шольц өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер

жөнінде пікір алмасып, екі елдің халықаралық аренадағы күш-жігерін үйлестірудің маңызына назар аударды. Осы орайда тараптар алдағы уақытта Астанада «Орталық Азия – Германия» форматында өтетін жоғары деңгейдегі кездесудің мәні зор екенін атап өтті.

## БАЙЛАНЫСТАР НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары – Сыртқы істер министрі Рашид Мередовті қабылдады.



Қазақстан Президенті түрікмен дипломатына ілтипат білдіре отырып, достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік рухында нығайып келе жатқан қазақ-түрікмен қатынастарының қазіргі жай-күйіне оң баға берді.

«Біз Түрікменстанды сенімді стратегиялық серіктес және тарихи тұрғыдан туыс мемлекет ретінде қарастырамыз. Шын мәнінде, соңғы жылдары елдеріміз арасындағы ынтымақтастық қарыштап дамып, соның ішінде экономиканың стратегиялық салалары тың қарқын алды» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев орай-

лы сәтті пайдалана отырып, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов пен Түрікмен халқының ұлттық көшбасшысы, Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовке ізгі тілегін жолдады.

Рашид Мередов дәстүрлі түрде құрмет көрсеткені үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, мемлекетаралық байланыстардың барлық бағыты бойынша Астанамен арадағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге Ашхабадтың бейілді екенін растады. Кездесуде сауда-экономика, энергетика және көлік-логистика салаларындағы ірі

жобалардың жүзеге асырылуы барысы талқыланды. Сондай-ақ аталған жобаларды толықтай іске асыру маңызды екені атап өтіліп, бұл бауырлас мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарға жаңа сипат беретіні жайында айтылды.

Бұдан бөлек, жылдан-жылға тың мазмұнмен байып келе жатқан мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастыққа баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Рашид Мередов өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылап, жоғары деңгейдегі байланыстардың алдағы кестесін қарастырды.



## ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАРҒА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстардың тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев баяндама жасады. Сонымен қатар бірқатар салалық мемлекеттік органдардың басшылары мәлімет берді.

Мемлекет басшысы

экстремистік әрекеттердің алғышарттарын анықтап, олардың алдын алу, халықаралық терроризмнің таралуына жол бермеу, соның ішінде заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру,

дұрыс ақпараттық саясатты іске асыру жөніндегі кешенді іс-шараларды маңызды екенін атап өтті.

Отырыс соңында мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берілді.

## ЛАҢКЕСТІК ШАБУЫЛДАР ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады. Президентке ведомствоның биыл жыл басынан бері терроризмге және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысының негізгі нәтижелері және алдағы кезеңде қабылданатын шаралар туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа осы уақыт ішінде екі лаңкестік шабуылдың жолы кесілгені туралы айтылды. Оның біреуі шет мемлекетте шетелдік серіктестермен бірлесіп жасалмақ болған.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті тергеу-тексерген қылмыстық істердің негізінде радикалды діни идеологияның 26 жақтаушысы лаңкестік және экстремистік әрекеттері үшін сотталды. Тағы 22 адамға қатысты сотқа дейінгі тергеу амалдары жалғасып жатыр. ҰҚК төрағасының мәліметі бойынша экстремистік көзқарастарына байланысты республикаға 139 шетелдіктің кіруіне жол берілмеген, 280-нен астам шетелдік азамат Қазақстаннан шығарылған. Тыйым салынған діни әдебиет-

терді елге заңсыз әкелуге қатысты 190-нан астам әрекетке тосқауыл қойылып, 19 шетелдік жауапқа тартылған. Заңсыз айналымдағы 237 атыс қаруы, 27 жарылғыш құрылғы, 4500-ден астам оқ-дәрі және басқа да террор құралдары тәркіленді.

Ермек Сағымбаев жыл басынан бері 340-тан астам терроризмге қарсы оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылғанын жеткізді. Терроризмге қарсы күрес шараларын күшейту аясында ІІМ және ҰҚК күштері мемлекеттік және

өзге де нысандарға, оның ішінде халық көп жиналатын орындарға 3400-ге жуық тексеру жүргізді. Мемлекет басшысына Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарындағы өзге де шаралардың жүзеге асырылуы туралы мәлімет берілді. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы жұмыстарды күшейту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

# АСТАНАДА АМСТЕРДАМ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Нидерланд Премьер-министрі Марк Рюттенің Қазақстанға жұмыс сапары аясында Астанада Амстердам алаңының ашылу салтанаты өтті.



«Әр келген сайын көрсетілген ілтипат пен қонақжайлылық үшін рақмет. Астанаға қайта келгеніме өте қуаныштымын. Бұл қала өзінің қайнаған энергиясымен, қарқынды дамуымен және тамаша адамдарымен мені әр уақытта таңғалдырады. Осы шаһарда болу – мен үшін үлкен мәртебе! Бұл Қазақстан мен Нидерланд арасындағы берік байланысты айқындап тұр. Біздің ынтымақтастығымыз тек үкіметтік ортада ғана емес, сонымен қатар су ресурстарын басқару саласында да бірте-бірте жақсарып келеді. Біз екі елдің тұрғындары арасында іскерлік пен ұжымдық

жұмысты дамытуға ықпал ететін достық қарым-қатынас орнатқанымызға қуаныштымыз. Осындай достардың қатарында болғанымды мақтан тұтамын. Осы ерекше күн үшін тағы да алғысымды білдіргім келеді» деді Марк Рютте алаңның ашылу салтанатында. 2015 жылдың күзінде Нидерландтың ең ірі қалаларының бірі Роттердамда Астана алаңы ашылған болатын. Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаев алаңның ашылуы екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың тағы бір дәлелі екенін айтты.

«Астанада Амстердам алаңының ашылуы – Нидерландтың Қазақстанмен ынтымақтастығындағы маңызды, халықтар арасындағы берік байланысты растайтын және елдер арасындағы мәдени алмасуға жәрдемдесетін оқиға. Біз ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар Нидерландтың су тасқынына қарсы күресте алғашқылардың бірі болып көмек қолын созғанын атап өткім келеді. Нидерланд – біздің экономикаға ең ірі инвестор. Жылдар өткен сайын ынтымақтастығымыз нығая түседі деп сенемін» деді Ғ.Қойшыбаев.

# ЕЛОРДАДА ИНВАТАКСИ КӨБЕЙДІ

Астанада инватаксия саны 30 көлікке артты. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Былтыр 117 көлік болса, қазір 145 көлік бар. Инватаксиядегі маңызды мәселе – мүгедектігі бар жандарды кресло-арбамен тасымалдауға арналған мамандандырылған машиналар санын арттыру. Арнайы машиналардың саны 26-ға дейін өсті. Көлік министрі Марат Қарабаевпен осындай арнайы машиналардың артықшылығымен таныстым. Жалпы соңғы екі жылда инватаксия саны 2 есеге жуық артты. Инватаксия мүгедектігі бар жандарға тең мүмкіндік береді, олардың әлеуметтік интеграциясына және өмір сүру сапасына, қозғалу еркіндігін жақсартуға әсер етеді. Жаңа техника көрсетілетін қызметтердің жылдамдығын, үйлесімділігін және тиімділігін арттырады. Сол сияқты оңалту

орталықтарының желісін, қалалық ортаның қолжетімділігін, протездік-ортопедиялық көмекті, санаторий-курорттық емдеуді

және тағы басқаларын кеңейту бойынша жұмыс істейміз» деп жазды Ж.Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.



# ЖЕДЕЛСАТЫЛАР ЖАҢАРАДЫ

Биыл елордада көппәтерлі тұрғын үй кешендерінде 30 жеделсатыны ауыстыру жоспарланған. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жыл сайын тұрғын үй-шаруашылығы инфрақұрылымын жөндеу бойынша Жол картасын әзірлейді. Құжатқа сәйкес, тиісті қаражат бөлінген жағдайда, 40-қа жуық жеделсаты ауыстырылады. Бұған дейін мәслихат депутаттары

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы шеңберінде 16 жеделсатының жабдығын ауыстыруға бюджеттік өтімді мақұлдады. Тағы 14 жеделсатыны жөндеуге және ауыстыруға бюджеттік өтім берілді, олар жақын арада қаралады. Елорда тұрғындарына

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту бағдарламасына қатысу үшін үйден өтініш беру қажет. Қаражат бюджеттен 7 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімде қайтарымды негізде пайызсыз бөлінеді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

# ҮКІМЕТ 40 МЛРД ТЕНГЕ БӨЛДІ

Премьер-министр Олжас Бектенев «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында медициналық мекемелерді салу және жаңғырту үшін Үкімет резервінен 39,9 млрд теңге бөлу туралы қаулыға қол қойды. Шешім 27 ақпандағы Үкімет отырысының хаттамасын орындау шеңберінде қабылданды.

Ұлттық жоба ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру мақсатында Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау аясында іске асуда. Оның шеңберінде 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) нысандарын салу және орталық аудандық ауруханаларды жаңғырту көзделген.

Жобалар жобалау-сметалық құжаттаманың (ЖСҚ) әзірлігіне қарай өңірлердің әкімдіктерінен берілген өтім-

дерге сәйкес қаржыландырылады. Осыған байланысты Үкімет резервінен 39 млрд 987 млн теңгеден астам қаражат ауылдық елді мекендерде ЖСҚ дайын 297 алғашқы медициналық көмек нысанын салуға бағытталады. Оның ішінде медициналық пункттер, фельдшерлік-акушерлік пункттер және дәрігерлік амбулаториялар бар. Сонымен қатар бөлінген қаражаттың бір бөлігі: Арқалық өңірлік ауруханасы перзентханасының ғимаратындағы күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтауға; Степногорск көпсалалы қалалық ауруханасының екі блогын күрделі жөндеуге;

Атбасар көпсалалы ауданаралық ауруханасының бас ғимаратын күрделі жөндеуге; Балқаш қаласының орталық ауруханасын күрделі жөндеу жұмыстарын бастауға; Балқаш қаласының көпсалалы ауруханасының ангиографиялық ота жасайтын бас корпусына қосымша ғимарат салуға және ангиографиялық қондырғыны орналастыруға; Шиелі көпсалалы орталық аудандық ауруханасының ғимаратына қосымша блокты жапсарлас сала отырып, күрделі жөндеуге және сол жердегі 30 төсек-орынға арналған жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысына аударылады.

# ШАҒЫН ШАҒАРЛАРДЫҢ ШЕШІЛМЕГЕН ТҮЙТКІЛІ КӨП

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі моноқалаларды дамытуға әрдайым айрықша көңіл бөліп келеді. Шағын шағарлардағы инфрақұрылымды реттеу ісіне басымдық берген Президент ондағы өндіріс өнеркәсіптерімен қатар шағын бизнесті де қолға алу маңызды міндет екенін айтқан болатын.

Түркістан облысына қарасты Кентау мен Арыс қалаларында инфрақұрылым жұмыстары жүргізіліп, халықтың жайлы ортада өмір сүруіне қажетті жағдайлар жасалып жатыр. Дегенмен моноқалада шешімін таппай отырған өзекті мәселелер әлі де бар. Атап айтар болсақ, Кентаудағы жылу жайы. Қазіргі таңда 1934 жылы салынған жылу-энергия орталығының қызметін 14 мыңнан астам абонент тұтынып отыр. Оның ішінде 347 көпқабатты тұрғын үй, 2000-нан астам жеке сектордағы тұрғын үй және 106 бюджеттік мекеме мен 441 коммерциялық нысан бар. Жалпы аталған жылу орталығы жабдықтың 85 пайызы тозған. Соның салдарынан өткен жылғы қысқы маусымда кентаулықтар тоңып шықты. Сапалы жылу тұтына алмады. Кентау қаласында 56 көпқабатты тұрғын үй ауласы бар. Оның 33-іне балалар ойын алаңын салу қажет. Бұл мәселеге жергілікті бюджеттің қаржысы жетпейді. Сондықтан әкімдік асфальт төсеу, балалар ойын алаңшасын орнату және абаттандыру мақсатындағы жобалау-сметалық құжаттамаларын әзірлеп, республикалық бюджетке қаржы қарастыруға бюджеттік өтімін ұсынған. Оның жалпы құны 2,8 млрд теңгені құрайды.

Кентау мен Арыс қаласына қарасты ауылдарды табиғи газға қосу ісі кешеуілдеп жатыр. Оған негізгі себеп – қаражаттың

жетіспеуі. Мәселен, Хантағы ауылын табиғи газбен қамту мақсатында ішкі орам жүйесінің құрылыс-монтаждау жұмыстары 2019 жылы жүргізілген. Қазір ауылды жоғарғы қысымды табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жалпы жұмыстардың сметалық құны – 1,55 млрд теңге. Республикалық бюджетке өтім берілді. Байылдыр ауылын табиғи газбен қамтамасыз ету құны 426 млн теңге болса, Қарнақ ауылын табиғи газбен қамтамасыз етудің жалпы құны 4,6 млрд теңгені құрайды. Сондай-ақ қазірдің өзінде Кентау қаласының тұрғындары толығымен табиғи газға қосылмады. Көпқабатты тұрғын үйдерде тұратын халық газ баллонын тасып, тұтынып отыр.

Қазіргі кезде Кентауда тұрғын үй кезегінде 5000-нан астам адам тұр. Қалада 2019 жылдан бері көпқабатты тұрғын үй салу ісі тоқтап қалған. 15 үйге жобалау-сметалық құжаттама жасалған. Енді тек республикалық бюджеттен ақша бөлу керек. Ал жеке тұрғын үй салу мақсатында 10000-нан астам адам жер кезегінде тұр. Алайда инфрақұрылым жүргізілуіне байланысты бұл мәселе де шешімін таппай келеді. Себебі қомақты қаржы керек.

Осыдан біршама уақыт бұрын көтерілген Кентау қаласын экологиялық аймаққа

өткізу мәселесі кешеуілдеп жатыр. Бұл бағытта жинақталған құжаттар мен комиссия жұмысының қорытындысы Экология және табиғат ресурстары министрлігі тарапынан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тапсыру ұсынылған. Аталған министрлік «Арал өңіріндегі экология салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Кентау қаласы аумағын экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ деп тану мәселесін шешуі тиіс. Бәйдібек ауданы бойынша бұл бағыттағы жұмыстар тоқтап тұр.

Арыс қаласындағы ауылдарды таза ауыз сумен қамту мен кәріз желілерін қайта жаңарту ісіне басымдық беру қажет. Бұл бағытта жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленген. Дегенмен жергілікті бюджет қаржысы жетпейді. Сондықтан арыстықтар үмітін Астанаға артып отыр. Бүгінде бұл тек Кентау мен Арыс қаласындағы ғана жағдай емес, бүкіл моноқалаға қатысты мәселелер. Яғни бізде шағын қалалардағы шешімін таппаған жағдай көп. Сондықтан «Моноқалаларды дамыту бағдарламасын» қайта іске қосуды сұраймын. Сонда Кентау секілді қалалардың дамуына үлкен септігі тиер еді.

**Ұласбек СӘДІБЕКОВ,**  
Мәжіліс депутаты



№64 (4652) 30/05/2024 Бейсенбі

## «КҮМІС ЕРІКТІЛЕРДІҢ» КӨРКЕМ СЫЙЛЫҒЫ

Елорданың Нұра ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының «Күміс еріктілер» тобы Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ұйымдастырылған «Бақытты балалық шақ» атты қайырымдылық акциясына қатысты.

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы мемлекеттік мекемесіне қарасты «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы үй жағдайында психоневрологиялық патологиясы бар, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға және психоневрологиялық аурулары бар балаларға, сондай-ақ жартылай стационар жағдайында науқастарға оңалту қызметтерін көрсетеді.

Ізгі іс-шараны Нұра ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бөлім меңге-

рушісі Мұрат Темірбұлатов ашып, балаларды мерекесімен құттықтап, сөз сөйледі. Орталықтың жанынан жаңа құрылған «Армандастар» ансамблі де өз өнерлерін көрсетіп балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар демеушілердің қолдауымен алынған сыйлықтарын балаларға табыс етті.

– Қайырымдылық акциясы өз деңгейінде өтті. Ата-аналары да балаларымен бірге қуанып, ризашылықтарын айтып жатты. Күміс еріктілердің белсенділері әрбір сәбидің басынан сипап болса да, әжелік мейірім көр-

сетті. Қолдарына сыйлығын ұстатып, бір қуантты, – дейді Нұра ауданы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының жаппай жұмыстар ұйымдастырушысы Ләззат Өтеғұлова.

Іс-шара соңында Астана қаласы әкімдігінің «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Аманбай Ердәулет ризашылығын білдіріп, «Күміс еріктілер» тобын Алғыс хатпен марапаттады.

Іңкәр БАЙҒАБЫЛ,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық универ-  
ситетінің студенті



## ЕЛОРДАНЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІН АРАЛАДЫ

Астанада Сарыарқа ауданы әкімдігінің бастамасымен ерекше қажеттілігі бар балалар елорданың көрікті жерлерін қосқабатты туристік автобуспен аралады. Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында ұйымдастырылған экскурсияға мүмкіндігі шектеулі 25 бала ата-анасымен бірге шақырылған.

– Аудан әкімдігі әр мереке сайын балаларға көңіл бөлуге тырысады. Бүгін Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында ерекше балалар екі қабатты қызыл автобуспен қаланың тарихи және мәдени жерлерін аралайды. Оған ерекше қажеттілігі бар 25 бала ата-анасымен бірге жиналып отыр. Сонымен қатар бүгін бір топ бала АЛЖИР мемориалды-мұражай кешеніне экскурсияға кетті, – деді Сарыарқа ауданы Ішкі саясат бөлімінің бас маманы Бибігүл Жақсыбай.

Бас маманның айтуынша, ауданда 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған бірқатар іс-шара жоспарланған. Соның бірі – осы экскурсия. Сарыарқа ауданында мереке күндері «Көктал» және «Қорғалжын» саябақтарында және Есіл өзені жағалауында мерекелік концерттер өтеді.

Елорда тұрғыны Айгүл Бектаева да экскурсияға баласымен бірге шақырылып, топпен бірге қаланың көрікті жерлерінде болды. Ол экскурсияны ұйымдастырған Сарыарқа ауданы



әкімдігіне алғысын білдірді.

– Менің балам ерекше қажеттілігі барлар тобына жатады. Дегенмен ерқашан әкімдік тарапынан қолдау көрсетіледі. Бүгін де балалар демалысқа шыққан соң, бос уақытты пайдалы өткізуге септігін тигізіп жатыр. Бүгінгі экскурсия барлық балаға қызықты өтіп жатыр, – дейді қала тұрғыны.

Экскурсия барысында балалар шаһардың көрікті жерлерін аралады. Атап айтқанда, «Бәйтерек» монументі, туристер көп жиналатын ЭКСПО қалашығы, Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік алаңында және Есіл өзенінің жағасында орналасқан Орталық саябақта серуендеді.

Зарина Сәрсенбайқызы

## МҰҒАЛІМДЕРДІ АТТЕСТАТТАУ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында елорданың Қоғамдық кеңесінің отырысы өтті. Жиында «Астана қаласындағы Әдістемелік орталық» мекемесінің қызметі туралы есеп тыңдалды.

### Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев баяндама жасады. Қазіргі уақытта Астанада 32 колледж, оның ішінде 9 мемлекеттік, 23 жекеменшік колледж жұмыс істейді. Оларда 35 923 оқушы, оның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 20 289 (56%) оқушы дәріс алып жатқанын айта келе, басқарма басшысы қаладағы әр мекеме өз мұғалімдерін аттестациядан өткізіп отыруы керектігін және елордадағы мектептерді аттестаттау, мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері туралы мәселеге тоқталды. Одан әрі Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК

басшысы Сыздар Дәуешова баяндама жасады.

Сондай-ақ, «2024-2028 оқу жылдарына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» құжат талқыланды. Басқарма басшысының айтуынша, жаңа кәсіптер картасына сәйкес, алдағы 3-7 жылда еңбек нарығына кіретін бірқатар жаңа кәсіптердің: онлайн оқыту бойынша тьютор, инклюзивті білім беру бойынша маман, коммуналдық жылжымайтын мүлікті басқарушы, құрылыстағы сапаны басқару жөніндегі маман, құрылыс технология-инноватор, BIM-технологияларды ескере отырып, жылжымайтын мүлікті пайдалану жөніндегі маман, цифрлық коммерция және толықтыру орталықтарының

логистика маманы, автомобиль дизайнері-жөндеушінің пайда болуы болжанды. Жыл сайын ерекше білім беру қажеттіліктері бар мектеп түлектерінің саны артып келеді, осыған байланысты арнайы инклюзивті топтарда кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс өсіп, 4 колледже үш мамандық бойынша 74 орын бөлінді. Экономика салаларында техникалық және кәсіптік білім беру кадрларын даярлауды жүйелеу, сондай-ақ елордалық колледждерді заманауи білім беру инфрақұрылымына айналдыру мақсатында оларды жоспарлы бейіндеу жүргізілуде. Аталған қаулыны Қоғамдық кеңес мүшелері бірауыздан мақұлдады.

Отырыстың күн тәртібінде белгіленген мәселелер бойынша сындарлы ұсыныстар енгізілді.

## «ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ» – ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ

Астанада Сарыарқа аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мен «Елорда ақсақалдары кеңесі» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Қымызмұрындық» мерекесі өтті.



Аға буын өкілдерінің ежелден тойланып келе жатқан қымызмұрындық мерекесін дәріптеп, оның маңызылығын насихаттау мақсатында өткен мәдени іс-шара орталықтың өнерпаздары, зейнеткерлер мен жастар қатысты. Астана төңірегіндегі ауылдарда ашытылған қымыздың дәмін дәстүр бойынша алдымен ақсақалдар татып, жиналған жұртқа бата берді. Осыдан кейін ойын-сауыққа кезек берілді.

Қымызмұрындық – бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Құлын байланып, бие сауылып, оның сүті қорланып ашытылған соң, екі-үш күн бойы жиналған қымызға ақсақалдар мен көрші-қолаң «қымызмұрындыққа» шақырылады. Яғни алғашқы қымыз адамдарға салтанатпен ұсынылып, «көпке бұйырсын» деген тілекпен беріледі. Ақсақалдар үй иесіне рақмет айтып, батасын береді. Осылайша бие байланған кезде «қымызмұрындық» жасаған халқымыз күзде соңғы қымыздан



ауыл ақсақалдарына тағы да дәм таттырып, «сіргежияр» жасаған. Халықтың бұл дәстүрі де қонақжайлылықты, жомарттық пен мәрттікті көрсетеді. Дегенмен, соңғы кездері бұл дәстүр де ұмытыла бастаған еді. – Қымызмұрындық ұмытылып бара жатқан дәстүріміз еді. Бүгін осы дәстүрді бас қаланың төрінде жаңғыртудың мәні өте зор. Бұл ел бойынша тойлайтын мереке. Сондықтан да біз құзырлы орындарға, министрлерге «Қымызмұрын-

дық» мерекесін республика бойынша тойласақ деген өтініш айтып жатырмыз, – деді іс-шараға арнайы қатысуға келген қоғам қайраткері, ағартушы ұстаз, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Оспан Сүлейменұлы.

Мерекеді қазақтың ұмыт болып бара жатқан тағы бір өнері – өрімшілік те жұрт назарына ұсынылды. Өрімдей жастар сол жерде қамшы өріп, өз өнерлерін көрсетті. «Өрімшілікті Талғат дейтін

ағайымнан үйрендім. Қазір 6, 8, 12 таспадан өрім өре аламын. Өрімшілік өнерге қатты қызығамын, болашақта ұлттымыздың осы өнерін ұмыт қалдырмай, дамытуға үлесімді қосқым келеді» деді Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп гимназияның оқушысы Рамазан Тұрғанбек.

Аяла АБЗАЛҚЫЗЫ,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық универси-  
тетінің студенті

Арқадағы Астана туристерді магнитше тартатын қалаға айналды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша елордаға ағылған туристердің саны 2022 жылмен салыстырғанда 12,3 пайызға артып, 1324047 адамды құрады. Соның ішінде: 1036921-і – отандық туристер, 287126-сы – шетелдік туристер. Мұндай ресми ақпаратты қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының туризм бөлімінен алдық.



# ТАРТЫМДЫ ҚАЛА – АСТАНА

## Төлен ТІЛЕУБАЙ

### ІШКІ ТУРИЗМНІҢ ҮШ ТҮРІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Астанада ішкі туризмнің негізгі түрлері: місе-туризм, іскерлік туризм және медициналық туризм қарқынды дамып келеді. Осылардың ішіннен медициналық туризмге нақты мысал келтірейік. Мәселен, биыл 27-28 сәуірде халықаралық деңгейдегі жетекші дәрігерлер мен медицина саласының ғалымдары Астанада бас қосты. Инновациялық-профилактикалық медицина институты ұйымдастырған ең ауқымды медициналық фестивальдің бірі – «Nobel Fest: медициналық инновациялар» атты халықаралық форум өтті. Әлемге әйгілі 40-тан астам ғалымдар мен дәрігерлер ғылым, инновация және білім беру мәселелерін бірігіп талқылады.

Ресейдің бас геронтологы Ольга Ткачева, молекулалық патология саласындағы жетекші маман Игорь Кветной, профессор, медицина ғылымдарының докторы, «Серпіні» сыйлығының иегері Паскаль Майер және жетекші америкалық нейрохирург Сәлім Абдулрауф секілді медицина саласындағы сарапшылар алқалы жиынның негізгі спикерлері болды.

«Форум бізге дербес медицина, биоинформатика, жасанды интеллект және клиникалық медицинаның әртүрлі бағыты бойынша алдыңғы қатарлы халықаралық деректермен танысуға бірегей мүмкіндік ұсынды. Сондай-ақ бұл жерде адам ағзасының нейро-иммуноэндокриндік реттелуі саласындағы іргелі зерттеулер мендің жасушаларын зерттеудегі

соңғы жетістіктер туралы өзекті ақпарат берілді» деді жиынның ашылу салтанатында «Инновациялық-профилактикалық медицина институты» корпоративтік қорының директоры, ҚР ҰҒА академигі, профессор Валерий Бенберин.

Ресей геронтологиялық ғылыми-клиникалық орталығының директоры, Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің бас штаптан тыс геронтолог Ольга Ткачева бүгінгі таңда адамның ұзақ жасауы мен өмір сүру ұзақтығына қандай факторлар әсер ететіні жайлы айтты.

«Соңғы 100 жылда медициналық технологияның дамуы арқасында туған кездегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы шамамен 30 жылға ұзарды. Орташа өмір сүру ұзақтығы да артты, бірақ максималды өмір сүру ұзақтығы жоғарыламады. Қазіргі кезде тіркелген ең максималды өмір сүру ұзақтығы – Жанна Калмоньдікі, 122 жыл 164 күн. Жүйенің мүшелері әртүрлі қарқынмен қартаяды, биологиялық жасты қадағалау үшін жүрек-тамыр жүйесін, метаболизм жүйесін, көру органдарын және т. б. қадағалау керек. Сондықтан қартаюдың әртүрлі биомаркеріне қартаюдың әртүрлі калькулятор жасалып жатыр. Осындай калькуляторды пайдаланып, қан тамырларының жасын анықтауға болады» деді ол.

Молекулалық патология саласындағы жетекші маман Игорь Кветной: «Мұндай ғылыми фестивальдерді өткізу – Қазақстан, Астана үшін орасан зор оқиға, әрі бұл іргелі білімнің дамуына ықпал етеді. Білім – біздің басты капиталымыз. Ал мақсатымыз – адамзатты сақтауға және адам өмірін құтқаруға бағытталған ғылым, өнер және кәсіпті біріктіретін

заманауи медицина жетістіктері сіздерге таныстыру» деген ойын жеткізді.

Фестивальдің басты мақсаты – мыңдаған қазақстандықты білім, ғылым және инновацияға шабыттандыру. Nobel Fest жыл сайын 100 елден 500 мың қатысушы мен 500 университетті жинай отырып, ұзақ мерзімді даму мен ең жақсы болашақты қалыптастырудағы білім мен жан-жақты оқытудың рөлі туралы идеяны таратады.

### ЕЛОРДА ТУРИСТЕРГЕ ҚОЛАЙЛЫ МА?

Ресми мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде Астанада 17,5 мың төсек/орынға (9439 бөлме) арналған 257 қонақүй жұмыс істейді. Олардың бәрі еҚопақ жүйесіне қосылған. Соның ішінде бес жұлдыздысы – 8, төрт жұлдыздысы – 11, үш жұлдыздысы – 5. 205 қонақүй ешқандай санатқа жатпайды. Ұлттық статистика бюросының деректеріне үңілесек, 2023 жылдың III тоқсанында елордадағы қонақүйлердің орташа толымдылығы 30,1 пайызды құраған.

Астана қаласының әкімдігі туристік инфрақұрылымды дамытуға айрықша көңіл бөлуде. Қалаға келген туристерге ең алдымен керек нәрсе – көлік пен ақпарат. Осындай мақсатпен Нұрсұлтан Назарбаев әуежайында және «Астана-Бәйтерек» монументінде туристерге арналған ақпараттық дүңгіршектер жұмыс істейді. Сонымен бірге ізі.travel халықаралық платформасында Астана қаласы бойынша аудио-турларға қолжетімділіктің болуы әрбір туриске ыңғайлы. Онда елордадағы 164 танымал нысан бойынша экскурсия жүктелген. Бас қалада жаяу жүргіншілерге бағытбағдар сілтейтін бірінші жүйе

де бар. Онда 15 афиша тұғыры, 139 бағыт сілтегіш, 108 пилон біріктірілген.

«Astana City Pass» туристік карта жобасының көмегімен кез келген турист қаланың бәріне жеткілікті жерлеріне лезде бара алады. Өйткені туристік карта 11 мәдениет нысанына 70 пайызға дейін жеңілдікпен баруға мүмкіндік береді. 1 картаның құны 24 сағатқа – 9990 теңге, 72 сағатқа – 13990 теңге. Сондай-ақ шетелдік туристерге «Red Bus» экскурсия автобусы қызмет көрсетеді. Бұл автобустардың барлығы аудиогидпен жабдықталған.

Онда туристерге экскурсия 8 тілде: қазақ, орыс, ағылшын, қытай, неміс, түрік, француз, испан тілдерінде ұсынылады.

### ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Туристерге арналған қызмет түрлерін жақсарту мақсатымен visitastana.kz ақпараттық жүйесі іске қосылған. Бұл жүйеде мынадай қызмет түрлері бар: aviata.kz қызметімен интеграциялаудың нәтижесінде әуе билеттерін оңай сатып алуға мүмкіндік бар; booking.com халықаралық жүйесімен кіріктірілген

сервис қонақүйдегі бөлмелерді алдын ала броньдауға қолайлы; ticketon.kz платформасы Астанадағы барлық мәдени, спорттық, рухани іс-шаралардың афишасымен алдын ала танысуға, киноға я болмаса футбол ойынына баруды жоспарлауға жол ашады. Ал барлық қалада бар 2GIS іздегіру жүйесі туристік нысандарға адаласпай жетуге мүмкіндік береді.

Visitastana.kz брендин әлемге танымал ету және осы сервисті пайдаланушылар ағынын ұлғайту мақсатында visitastana.kz брендтік киім өндірісіне жәрдемдесу бағытында қызу жұмыс жүруде. Жалпы алғанда, Астананың туристік индустриясын дамытудың әлеуеті өте зор. Сол себептен бас қаламыздың тартымдылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар үздіксіз атқарылып келеді. Елордада қазір 2435 тамақтану нысаны бар. Ол жерде ұлттық ас мәзірінен бастап көптеген халықтың тағамы қойылған. Бұл жерде ұлттық ас, ұлттық мейрамхана мәселесі өте өзекті.

Елордаға табаны тиген туристер тамашалайтын жерлер аз емес. Бір ғана Республикалық мешітте бірнеше сағат қыдыруға болады. Одан бөлек, қалада 9 мұражай, орталықтар; 2 үлкен сарай, 8 театр ғимараты, 4 концерт залы, 11 діни нысан, 6 спорт ғимараты, 7 үлкен сауда-саттық және ойынау орталықтары, 4 көркем галерея, Атырау көпірі сияқты көрнекті, көрікті жерлер бар. Еліміздің өзге өңірлерінен келген қонақтар көбінесе ЭКСПО-қалашыққа, «Ailand» отбасы демалыс орталығына, «Астана балет» театрына, «Астана-Бәйтерек» монументіне, «Хан Шатыр» сауда-саттық және ойынау орталығына барып демалады және серуендейді.







Райхан  
РАХМЕТОВА

**А** тынан ат үркетін, естігеннің көңіліне қорқыныш пен үрей ұялататын лагерде 15 жыл бойы 18 мыңға жуық әйел кезең-кезеңімен әрқайсысы 5-8 жылдан отырып шыққан. Алайда қазір аталған мұражайда тек 8 мыңға жуық әйел туралы ғана деректер бар. Олардың көбі – 62 ұлттың ішінен шыққан зиялылардың, қоғам қайраткерлерінің әйелдері болған. Бауырында сәбилері болса, оларды анасының қасында үш жасқа дейін ғана ұстап, әрі қарай жан-жаққа балалар үйіне жіберіп отырған. Жалпы лагерде аналарымен бірге 1507 бала болған. Аяғы ауыр болып түскен әйелдердің біразы осында босанған. Лагерде дүниеге келген ең алғашқы сәби Георгий Каретников бүгінде әлі тірі, қазір 87 жаста. Былтыр ол қызымен бірге мұражайға келіп, сұхбат беріп кеткен.

– Лагер тұтқындарының ішінде ең соңғы болып Анна Енданова 2014 жылы 97 жасында дүниеден өтті. Ол лагерге келгенде 21 жаста болған. Жолдасы халық жауы деп атылып кетеді, екі баласы балалар үйіне өткізіліп, сол жақта аштан өледі. Кейін босап шыққан соң, ол тағы да тұрмыс құрып, осы Астанада өмірінің соңына дейін өмір сүреді. Ұрпақтары әкеп берген қолсағатын, сөмкесін, басқа да тұтыңған заттарын мұражайға қойдық, – деп таныстыра бастады, бізді қарсы алған экскурсия жүргізушісі Гүлнұр Мейірханова.

### БЕЙІМБЕТ ПЕН ТҰРАРДЫҢ ЖАРЫ ОТЫРҒАН

Қазақтың танымал зиялыларының ішінде Тұрар Рысқұловтың жары Әзиза Рысқұлова да осы лагерде азапты жылдарын өткізген. Ол мұнда 8 айлық қызы Ридамен бірге келген. Қызы үш жасқа толғасын балалар үйіне өткізіліп, өзі лагерде 8 жыл бойы отырғанда мал дәрігері ретінде қызмет еткен. Тіпті оның анасы, яғни Тұрар Рысқұловтың енесі Арифа Есенқұлова да тыңшы деген жаламен осы жерде сегіз жыл отырған. 50 жаста лагерге келіп, тура сегіз жылын толтырып, шығуына бірнеше күн қалғанда, ол миына қан құйылып, қайтыс болады.

– Бұл лагерге сонымен қатар Бейімбет Майлиннің әйелі Күлжамал Майлина да 5 жылға қамалған. Балалары жан-жақтағы түрлі балалар үйіне өткізіледі. Әукен деген үлкен баласы соғыста қайтыс болған. Босап шыққан соң қалған балаларымен қауышқан. Одан басқа мемлекет және қоғам қайраткері Жанайдар Сәдуақасовтың жары Елизаветаның мұнда түскенде Рүстембек деген жалғыз ұлы болады. Ұлын аман алып қалу үшін оның тегін күйеу баласының атына жазып кетеді. Кейін босап шыққан соң ұлымен Ташкентте табысады, – дейді мұражай қызметкері.

Бұл лагерде көбіне орыс және еврей ұлттарының әйелдері отырған, 4 мыңнан астамы – орыс ұлтының әйелдері болды. Олардың біразы сол кездегі жаппай үрдіс бойынша қазақтың зиялы азаматтарына тұрмысқа шыққан әйелдер еді. Қазақтан қазіргі таңда 87 әйелдің ғана аты-жөндері мен құжаттары бар. Негізі одан да көп болуы мүмкін. Біразының құжаттары сақталмаған.

### ТАРИХИ ҚҰПИЯҒА ТОЛЫ МҰРАЖАЙ


20 мың гектар аумақты алып жатқан мұражай сыртқы экспонаттар мен не-



Оңалхан ӨНЕРХАН



## «АЛЖИР» – АЗАП АБАҚТЫҒЫСЫ



Тарихтың қаралы беттерін еске түсіретін «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері» 1938-1953 жылдар аралығында жұмыс істеді. Сталиннің саясатымен құрылып, ол өлгенде жабылған АЛЖИР – саяси қуғын-сүргін құрбандарының жұбайлары мен аналары және қарындастарының азапты абақтысына айналған жазалау орны. Еңбекпен түзеу лагерінің 26-нүктесінің орнында сол зұлматты жылдарда жазықсыз жала жабылып, жапа шеккендерге ескерткіш болып, «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені Ақмола облысы Ақмол ауылында 2007 жылы ашылды.

**АТЫНАН АТ ҮРКЕТІН, ЕСТІГЕННІҢ КӨҢІЛІНЕ ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ ҰЯЛАТАТЫН ЛАГЕРДЕ 15 ЖЫЛ БОЙЫ 18 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘЙЕЛ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ӘРҚАЙСЫСЫ 5-8 ЖЫЛДАН ОТЫРЫП ШЫҚҚАН. АЛАЙДА ҚАЗІР АТАЛҒАН МҰРАЖАЙДА ТЕК 8 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘЙЕЛ ТУРАЛЫ ҒАНА ДЕРЕКТЕР БАР**

гізгі ғимараттан тұрады. Конус пішінде жасалған, терезесі жоқ ғимарат құпиясы мол қобдиша іспетті, жарық тек төбеден ғана түседі, оның мағынасы тарихы сыр мен шындықтың біртіндеп ашылатынын білдіреді. Кешенге сырттан кірген кезде биіктігі 18, ені 9 метр «Қасірет қақпасы» қарсы алады, оның ортасынан өткенде әуақтарға иіліп тағзым ету керек. Одан басқа кешен аумағында саяси жер аударылған «халық жауларын» тасыған «Сталиндік вагон», тікенек сымды лагер қоршауы мен күзет мұнарасы, екі мүсіндік композиция, «Көз жасы» стеласы, тұтқын әйелдер тұрған барак, Алаш бағы, Зерде қабырғасы, ескерткіш белгілер бар. Мұражай астыңғы жағы «Алаш» залы Алаш қозғалысының тарихына арналған витриналардан тұрады. Зал ортасында – «Өмір гүлі» композициясы, жоғарғы жақта «Еркіндік және еркінсіздік» композициясы берілген.

Ал «АЛЖИР» туралы негізгі бөлігі – екінші қабатта. Зал экспозициясын «Кісендер» инсталляциясы ашады.

### ӘЙЕЛДЕРДІҢ АЗАПТЫ ӨМІРІ

Одан кейінгі диорамада лагерде тұтқында болған әйелдердің қысқы және жазғы ауыр жұмыстары бейнеленген. Әйел-тұтқындар лагерде ең қиын қатталық жұмыстарды істеді, бақшалар мен алма бағына арықтарды, тоғанды қолдарымен қазды. Саман кірпіштер құйды, ферма салды, мал бақты, қысқы аяздарда отын үшін Жалаңаш көлінің жағасынан қамыс шапты.

Барак деп аталған бір жатын бөлмеде 250-300 әйелге дейін тығғылысып өмір сүруге тура келген. Саман кірпішке қамыс қосып жасалған барактар алғашына екі-үшеу ғана болған. Әйелдер сыймағандықтан, оларға өз қолдарымен 30-ға жуық барак салғызған.

Мұражайда лагер әйелдері Мәскеуге хатпен шығып сұратып ашқан тігін

цехы бейнеленген шағын бөлме бар. Тігін цехында олар жалғыз түйір пілте шамның жарығымен 14-16 сағатқа дейін көз майын тауысып, тапжылмай отырып, өздеріне және соғыс жылдарында сарбаздарға жөнелтуге киімдер тіккен. Лагердегі ерекше тәртіп, мардымсыз тамақ, кездесу мен хат жазуға тыйым, күзетшілердің қорлығы өмірге деген құштарлық пен үміт отын бәрібір сөндіре алмады.

### ТЕРГЕУДЕН КӨЗ АШТЫРМАҒАН

Әйелдердің үрейін ұшырған кабинет тергеу бөлмесі болатын. Күндіз далада әйелдерді түнде де ұйықтатпай, тергеу изоляторына әкеп, сұрақтың астына алатын. Мұнда күзетіп тұрған сарбаздар екі сағат сайын ауысып тұрса, әйелдер аяқтары жерге тимейтін биік орындыққа тапжылмай ұзақ уақыт отырып, сұрақтарға жауап беріп, ақыры әбден әлсіреп, есінен танып құлап түсетін.

Әйелдердің киімдерінде әрқайсысының өз нөмірі саны жазылған, оларды сол сандармен атап шақырып, түгендеп, тіпті солай жерлеп отырған. Лагерде әйелдерге тек бір жарым жылдан кейін ғана, жылына бір-ақ рет жақындарына хат жазуға және хат алуға рұқсат етілген.

### ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ДЕРЕГІ

1930 жылдан бастап Қазақстанда еңбекпен түзеу лагерлері құрылған. Соның ішінде «Қарлағ» Қарағандыдан 50 шақырым жерде ашылды. Қарлағтың 25-ке жуық еңбекпен түзеу орындары болды. Олар: АЛЖИР, Степлаг, Екібастұзлаг, Қарабаслаг және т. б. Тұтқындағы жылдар ішінде әрбір әйел бірнеше лагерден кезең-кезеңімен өтуі керек еді. «АЛЖИР»-ге әйелдерді елдің түпкір-түпкірінен, яғни Мәскеуден, Ленинградтан, Украинадан, Беларусьсиядан, Грузиядан, Армениядан, Орта Азиядан алып келетін. Саяси қуғын-сүргін жылдары Қазақстанға 1,3 млн аса адам жер аударылды. Адамдар Қазақстанға мәжбүрлен әкелінгенімен, олардың көпшілігі оны екінші Отаным деп есептеді. «АЛЖИР»-дің тарихы – бұл Қазақстанның тарихы. Өткен қайталанбауы керек. Өткен жылдары ұрпақтардың бастан кешіргенін көрмеу үшін адамдар өткен уақыт жайлы шындықты білу қажет.

17 жылдық тарихында мұражай тұтқын болған әйелдердің ұрпақтары әкеп беретін дүниелермен толығып отырған. Әсіресе, 31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінде олардың ұл-қыздары, немерелері еліміздің әр жерінен және шетелдерден өте көп келіп екен. Жаз айларында келушілер саны күніне 200-250 адамға дейін жетеді. Оларға 3 тілде ақпарат бере алатын 5 экскурсия жүргізушісі қызмет көрсетеді. Мұражайдың есігі дүйсенбіден басқа күндері 9.00 мен 18.00 аралығында келушілерге ашық. Экскурсиясыз бір адамға кіру билетінің құны – 1200 теңге, 5-15 жас аралығындағы балаларға – 500 теңге. Ал 5 адамнан көп экскурсиялық топ бойынша билет бағасы бір адамға 2700 теңге болса, шетелдіктерге 9200 теңге тұрады. Сонымен қатар бірнеше тілде ақпарат беретін аудиогид қызметін де пайдалануға болады. Билет алуда кейбір санаттар бойынша азаматтарға жеңілдіктер қарастырылған. Мұражайда экскурсиядан бөлек саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы түсірілген деректі фильм де көрсетіледі. Екі залға да жаңадан келіп жатқан ақпараттың көптігінен «Алаш» залын бөлек музей етіп ашып, оның орнына «АЛЖИР» залын кейбірін қою қажеттілігі туындап отыр, мұны мұражай басшылығы тиісті министрліктерге сұйынсы етіп айтады.





## ЗҰЛМАТ ЗАМАН – ҰРПАҚҚА САБАҚ

Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – жаппай саяси қуғын-сүргін және миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан ашаршылық.

Кеңес билігінің солақай саясаты 1932-1937 жылдары қазақ даласында зұлмат заман тудырған еді. Анықталған деректерге сүйенсек, бізде 100 мыңнан аса адам нақақтан жазаланып, қуғын-сүргінге ұшырады, соның 25 мыңы атылған екен. Оққа ұшқандардың дені қазақтың бетке ұстар, көш бастаушы, ағартушы, ұлттың көсемі болуға лайық Алаштың арда ұлдары еді.

Тіпті халық саны көп емес Ақтоғай ауданында сол жылдары 235 адам жазықсыз жауапқа тартылған. Оған бірден-бір себеп – Алаш қозғалысының көсемдері Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков және Жақып Ақбаевтың осы өңірдің тумалары болғаны.

Жантүршігерлік, әділетсіз оқиғалар қазақ ауылдарының талайында орын алғаны – тарихи шындық. Осыған қарсылық ретінде қазақ жерінде 370-тен аса бұқаралық көтерілістер мен наразылық акциясы болған. Оның ішінде Абыралы, Созақ, Адай көтерілістері сияқты ірілерімен қоса, Балқаш-Ақтоғай өңірінде өткен Тоқырауын көтерілісі де бар. Қан жосамен басылған ереуілдер туралы деректер егемендікке дейін өте құпия сақталды.

2020 жылдың 24 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойып, жедел комиссия жұмысын бастап кеткен еді. Бүгінде комис-

сия жинаған әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша құжаттар мен материалдар негізінде құрастырылған 31 томдық кітаптар Президентке таныстырылды. Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Зұлмат кезінде аталған, қатыгез қуғын-сүргін жантүршігерлік жайттардың айқын көрінісін кішікене ғана, 500 адамнан асар-аспас тұрғыны болған Ортадересін ауылының сол жылдардағы тағдырынан байқаймыз. Архивтерден табылған ресми құжаттардан білгеніміз: бір қылмыстық іс бойынша 1937 жылы жалған жаламен ортадересіндік 14 адам сотталып, оның 6-уы өлім жазасына кесілген. Осыған орай кейбір жайттарға аса көңіл аударғанды жөн санадық. Ондағы мақсатымыз:

- Сол кездегі жазалаушы органдардың (Кеңес өкіметінің) құтұрқы саясатын, арам пиғылын, жымысқы істерін атап өту;
- Құрбан болған, кейін толық ақталған, кінәсіз әкелеріміздің адал атын ардақтау;
- Сол зымиян, қатыгез кезеңде де қарапайым ауыл адамдарының ішінен жеке басына төнер қауіптен қаймықпай, нақақтан жазаланған ауылдастарының еш кінәсіз болғанын көрсетіп, ақтауға жанын салғанын көрсету. Ол әкелерімен ұрпақтары мақтана алатынын нақтылау;
- Жазықсыз құрбан болған әкелеріміздің жұбайларының 20 жылдай таймай сұрау салып, ерлерінің ақталып, тірі келетініне сеніммен өткеніне иіліп тағзым ету;

Жауапқа тартып, іс жүргізгендер, ауылдастарымыздың тағдырын шешкен НКВД-ның жеңдеттері көбіне басқа ұлттың өкілдері болған (Духович, Зайнулин, Никитин және т. б.), қылмыстық іс тек орыс тілінде жүргізілген.

Біз әңгіме қылып отырған қылмыстық іс бойынша жалған жаламен жазаланып, сотталған 14 азаматты атап айтсақ, олар (құжаттар бойынша): Қасанхан Жаңабергенов, Ахмет Исин, Қалай Айтжанов, Қасым Әбдідинов, Амарғали Байжұманов, Қапас Иманбаев, Бағорай Байжанов, Жәсембек Шәйкенов, Қабжан Молдаханов, Садық Махажанов, Әбдірахман Ибраев, Ахметжан Давлетпаков, Шахабай Илиясов, Илияс Рахимов. Оның 12-сі Ортадересіннің тумалары да, соңғы әкелі-балалы екеуі осы ауылдағы қосалқы шаруашылықтың қатардағы жұмыскерлері, Егіншілік ауданының тумалары екен.

Бәрі де 1937 жылдың 20 желтоқсанында РСФСР-дің Қылмыстық кодексінің 58-бабының 9, 10 және 11-тармақтары бойынша жауапқа тартылған. Тергеуді жаңа ғана бой көтеріп келе жатқан Балқаш қаласының ІХХ (НКВД) бөлімшесі қозғаған. 7 күннен кейін қылмыстық іс Қарағанды қаласының ІХХ (НКВД) бөлімшесіне түсіп, ондағы «Үштік» жауапқа тартылғандардың алдыңғы 6-ын ату жазасына кесуіне үкім шығарған. Бұл үкім 11 күннен кейін орындалған. Қалған 8-не 10 жылдан бас бостандығынан айырып, «концлагерьге» түрмеде отыруды



кескен. Тергеу, сот құжаттарынан көріп, оқып, «концлагерь» деген ұғымның неміс фашистерінде ғана емес, советтік мемлекетте де болған шындығын жанын түршіге еріксіз мойындайсыз.

Жоғарыда аталған 6 азамат 1937 жылы іс қозғалғаннан кейін 18 күннің ішінде атылып кеткеніне қарамай, олардың іс-қағаздарында «для родственников – умер в 1942 году от гипертонии» деп жазылған. Сол кездегі Кеңес өкіметінің өкілдері 1957 жылға дейін шындықты жақындарына айтпай, жасырып келген. Жиырма жыл бойы Ахмет Исиннің зайыбы Ұлбек Исеева және Қапас Иманбаевтың зайыбы Қамила Иманбаева шешелеріміз үміттерін үзбей, бармаған жері қалмай, барлық инстанцияларға сұрау салумен болған.

Айта кететін жайт, аталған адамдарды жауапқа тартқан кезде Ортадересін шаруашылығына қастандық жасады деген бастапқы жаламен қоса, 5 жыл бұрын өткен Тоқырауын көтерілісіне («байское восстание» делінген) қатысқандарын

теліп, алдыңғы 6-ын ату жазасына кескен.

Құжаттарды тереңірек зерттеу барысында сол кезеңнің әлі де болса «сталиндік режимнің» қаһарының азаймай тұрғанына қарамай, ауылдастар арасынан нақаққа кеткендердің кінәсіз, таза екенін дәлелдеп, жиналыс жасап, онда жазаланғандарды ақтап сөйлеген қарапайым ауыл азаматтары Сағат Ақаев, Мәулен Бәкіров, Қабан Үмбетовтерді және «тергеуші менің айтпағанымды өтірік жазыпты» деген Мырзали Мұқановты (кейінде елге сыйлы ақсақал болғандар, ол кезде қылшылдаған жас жігіттер) жүрек жұтқан батырлар екен десек қателеспейміз.

Әрине, адамдардың бәрі бірдей емес, өкінішке қарай, ел ішінде жауапқа тартылғандарды көрсетіп, жала жапқандар да бар еді. Ондай рөлді кейбіреуі өз ынтысымен атқарса, енді бірі ІХХ (НКВД) жеңдеттерінің зорлау, қинау қимылдарына шыдай алмағаны байқалады. Аттарын атамай-ақ қояйық. Жамандық ойлап, жала жапқандардың жазасы қайтсе де,

Алладан қайтатыны белгілі. Солай болды да. Жоғарыда аттары аталған, жазаланған азаматтардың ісі 1957 жылы қайта қаралып, олар толығымен ақталды. Осындай қуғын-сүргін кезеңінде жазаланып, шейіт болған немесе ұзақ жылдар түрмеге қамалған әкелерімізді ақтау, ардақтау, тағдырынан сабақ алу – азаматтық борышымыз.

Нақақтан жазаланып, құрбан болған ауыл азаматтарына Ортадересін ауылының бүгінгі толығымен ақталды, марқұмдарын ұрпақтары арнайы, ортақ құлпытас орнатып, кейінгі жеткіншектер біліп, тағзым ететін жағдай жасаса деген тілек білдіріп, оның орындалатынына үміттенеміз. Жазықсыз жазаланғандардың тағдыры – кейінгі ұрпаққа сабақ. Мұндай іс-шара өлгендерге емес, тірілерге қажет.

**Көпболсын БЕКМАҒАНБЕТ, Орталық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, Қуат ӘБДІКЕШҰЛЫ, доғарыстағы полиция полковнигі**

**Райхан РАХМЕТОВА**

## ЕСІРТКІСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ – ЕЛДІК МІНДЕТ

Қоғам дерті – есіртікімен ымырасыз күресте әрбір мемлекет аянып қалмайды. Әсіресе, ел ертеңі деп үміт артатын жастардың есіртікіне ең көп қолдануы алаңдатады. Бұл істе күш біріктірудің арқасында ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Осыған орай елордада есіртікімен, оның саудасымен күресте 24 мамыр мен 29 маусым аралығында «Есіртікіге қарсы» профилактикалық айлығы өтуде.



Есіртікі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Рустам Гасизов.

### НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ

Психоактивті заттардың әсері тек белгілі бір адамның денсаулығы мен мінез-құлқына ғана әсер етіп қоймайды. Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Айнұр Төлеуованың айтуынша, нашақорлық – бұл бүкіл қоғамның ауруы, оның әлеуметтік салдары да қайғылы. Есіртікіге тәуелді адамдардың көбеюі экономика мен құқықтық тәртіпке, мемлекеттің демографиялық қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді. Бір ай ішіндегі айлық аясын-

да азаматтарды есіртікінің зияны және осы мәселені шешудің жолдары туралы ақпараттандыруға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда, яғни қала халқының барлық тобын, әсіресе жастар мен балаларды тарта отырып, рейдтік іс-шараларды, сондай-ақ мәдени-демалыс және спорттық-сауықтыру іс-шаралары өткізіледі.

– Жастар арасында нашақорлықтың алдын алуға ерекше назар аударылады, өйткені есіртікіні қолданудың ең көп жағдайлары дәл осы жастар тобында байқалады, – деген басқарма өкілі қаланың барлық тұрғындарын айлыққа қосылып, нашақорлықпен күресуге шақырды және күшімізді біріктіре отырып қана сау және қауіпсіз қоғам құра алатынымызды жеткізді.

### КҮРЕСКЕ ЖАСТАР ЖҰМЫЛДЫРЫЛАДЫ

Жылдың басынан бастап 2024-2025 жылдарға арналған «Астана – есіртікісіз қала» нашақорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын орындау көзделуде. Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастығы Самат Ибраевтың айтуынша, басқарма қызметінің басты бағыттарының бірі – жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу. Соның шеңберінде адамдар көп жиналатын орындарда Астана қаласы Полиция департаментінің Есіртікі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы және Жергілікті полиция

басқармасымен бірлесіп, ҰЕҰ және блогерлерді тарта отырып, ойын-сауық орындарында есіртікі жарнамасын бояу және түсіндіру жұмыстары бойынша 10-нан астам акция өткізілді.

– Ай сайын елорданың барлық 5 ауданы бойынша «ESIRTKISIZ ELORDA» жобасы шеңберінде үйлерде және басқа да нысандарды профилактикалық штаб мүшелерін, мүлік иелерінің бірлестігі мен ПИК, сондай-ақ қалалық инфракүрылымға қызмет көрсету және күтім көрсету қызметтерінің қызметкерлерін тарта отырып, есіртікі жарнамасын бояу бойынша рейдтер жоспарлануда. Сонымен қатар, биылдан бастап адамдар көп жиналатын орындарда «Тәуелділікті спортқа айырбаста» акциясы өткізілуде, оның негізгі мақсаты – кейбіреуі тәуелділік деңгейін төмендету, – дейді ол.

Бұл акция Астана қаласының аудандық әкімдіктерімен, қалалық ПД Есіртікі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен, Дене шынықтыру және спорт басқармасымен және қазақстандық спортшылармен бірлесіп өткізіледі. Сыйлықтар беріп, оның орнына кейбіреуі мен снус пакеттерін алып, белсенділер құрамында никотин бар құрылғылардың зияны туралы айтады. Сыйлықтардың арасында теннис жиынтықтары, бокс қолғаптары бар.

Осы оқу жылының басынан бастап (2024 жылғы қыркүйек) есіртікіні тұтынуын алдын алу бойынша семинарлар өткізу үшін құқық қорғау органдарынан жаттықтырушыларды, психологтарды және уәкілетті қызметкерлерді тарта отырып, орта және арнаулы орта оқу орындарында студенттер мен көмекшілерге толмағандар арасында жүргізілуі жоспарлануда.

### МИЛИОН ЕЛОРДАЛЫҚ ҚАТЫСАДЫ

«ESIRTKISIZ ELORDA» жастар қозғалысы диспансерлік есепте тұрған нашақорлар санын азайту, жастар арасында на-

шақорлықтың таралуының алдын алу қажеттілігі туралы ұсыныстарды басшылыққа ала отырып іске асырылады. Жоба барысында жылдың соңына дейін атқарылатын жұмыстар жоспары бекітілді. Сол бойынша барлық медиа сайттарда қоғамдық пікір көшбасшыларын тарта отырып, әртүрлі әлеуметтік топтар үшін профилактикалық контент құру, атап айтқанда, әлеуметтік желілерде ротациялау үшін бейнероликтер, подкасттар, челленджер, стикербомбинг акциялары, TikTok бейнелер сериясын түсіру көзделуде. Сонымен қатар Астана қаласындағы дәріханаларда дәрілік препараттарды және психоактивті заттарды өткізу нормаларының сақталуын қоғамдық қадағалау бойынша акциялар өткізіледі. Есіртікі сататын жарнамалар мен ресурстарды бұғаттау жұмыстары жүргізіледі. Құқық қорғау органдарына көмек көрсетуге қоғам мен жастарды тарту бойынша акциялар ұйымдастырылып, бейінді ҰЕҰ қатысуымен есіртікі және есіртікі бизнесімен күреске бағытталған Азаматтық баснамаларды іске асыруда тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шаралар өтеді. Есіртікі бизнесіне қарсы күресте еріктілер мен қоғамдық ұйымдарға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде әдістемелік құрал әзірлеу жоспарланып отыр. Жоғарғы оқу орындары базасында өткізілетін есіртікі бизнесіне байланысты істер бойынша көшпелі соттар, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында онлайн және оффлайн байқаулар, челленджер, жарыстар, 1500 алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру, есіртікі қылмысы туралы анонимді шағым және психологиялық көмекке жүгіну үшін QR-коды бар интерактивті ақпараттық стенд құру да осы жоспарда бар. Сондай-ақ елордадағы есіртікі жағдайы туралы әлеуметтік зерттеулер жасалады. Соның бәріне шамамен миллионнан астам адамды қамту көзделген.





# 12 | МӘДЕНИЕТ

№64 (4652) 30/05/2024 Бейсенбі

## ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ ӘЛЕМІ

Ұлттық архивте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, археолог, тарихшы, этнограф Әлкей Марғұлан-ның туғанына 120 жыл толуына орай «Әлкей Марғұлан-ның әлемі» атты құжаттық көрменің ашылу салтанаты өтті.

Іс-шара Мәдениет және ақпарат министрінің орынбасары Ербол Әліқұловтың жүрек лебізімен ашылды.

«Әлкей Хақанұлының аударған хаттары, мақалалары, қазақ даласынан тапқан ерекше суреттері, оқу орындарында жазған еңбектері бүгінгі ғылыми айналымның субелі материалдарының қатарына кіреді. Әлкей Хақанұлы – көп ашыла бермеген көне дәуірлерге саяхат жасап, біздің байырғы мәдениетімізді ақ қағазға алтын әріптермен жазған ғалым. Әлкей Марғұлан-ның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде аталып өтті. 2003 жылы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің алдында және 2007 жылы Алматыдағы Ұлттық Ғылым Академиясының жанында қоладан бюст-ескерткіш орнатылды. Сондай-ақ Баянауыл ауданының Құндыкөл ауылындағы жалпы орта білім беру мектебі мен Баянауыл орталығында орналасқан көшеге есімі берілді» деді Ербол Әліқұлов.

Әлкей Хақанұлының қызы Дәнеп Марғұлан ғалымның есімін ардақтаған ауқымды іс-шараны өткізгендерге алғыс айтып, әкесі туралы ескіріс естеліктерімен бөлісті.

Көрмеге Әлкей Марғұлан-ның өмірінен сыр шертетін 90-нан астам құнды құжат қойылды. Атап айтсақ, «Шоқан Уәлихановтың көркем



мұрасы» мақаласы, «Қазан университетінен алынған қолжазбалар», «Қола дәуірі қорымдары» мақаласы, сондай-ақ Жошы хан кесенесі мен Айша бибі мазарының сызбасы, Маңғыс-

тау өлкесінің этнографиялық жазбалары, ру таңбалары, архитектуралық құрылыс материалдарының сызбалары және суреттер таныстырылды.

## ТОРҒАЙДЫҢ ТОПЖАРҒАНЫ

Елордадағы Е.Рахмдиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының концерт залында Қазақ оркестрінің ХХVI-концерттік маусымының жабылуына орай Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші Анар Мұздаханованың шығармашылық кеші өтті. Күйшінің тура 60 жасқа толған туған күнінде өткен «Аққу-домбыра» атты концерттік кеште А.Мұздаханованың және Қазақстан композиторларының күйлері, әндері, оркестрге жазылған шығармалары орындалды.



Кешке филармонияның Қазақ оркестрі, Мәдениет саласының үздігі Нұрай Танабаев, «Құрмет» орденінің иегері Жанар Жүсіпова, Халықаралық байқаулардың лауреаты Фируза Рахметова, Анар Мұздаханованың өнердегі күйші сіңілілері Мәдениет саласының үздігі Әмина Бошмова, республикалық байқаулардың лауреаты Айым Бекбаева және Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері Тұрар Әліпбаев қатысты. Қазақ оркестрі домбыра-II тобының концертмейстері Анар Мұздаханова 1997 жылы Астана қаласында құрылған оркестрде алғашқы күннен бастап қызмет етіп келеді. Ол – күйші ретінде халық композиторларының туындыларын еліміздің үлкен сахналары мен шет елдерде дәріптеп жүрген өнер иесі.

– Көктен нұр, сахнада гүл жауған кеш болды. Киелі сахна, шымылдығы сырғып ашылғанда, ұлттық киімдегі оркестр құрамын, олар орындап отырған шығарманы тыңдап, тула бойын шымырлайды, жан жүрегін езіліп кетеді екен. Күй құдіреті, өнер киесі ғажап қой. Торғайдың топжарғаны, күйші, сазгер Анар Мұздаханованың кеші керемет өтті, – дейді замандасы, журналист Ләззат Қапышева.

«Бабалар үні» кітабының тең авторы, республикалық аспапшылар байқауы 1-сыйлығының, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Президенті Құрмет грамотасының иегері Анар Айтбайқызы – екі баланың анасы, аяулы жар. Тектіден текті туады демекші, ол – әрі ән-күйлері тыңдарман қауымның жүрегінен орын тапқан композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Айтбай Мұздахановтың қызы. Концерт барысында оның өнердегі және өмірдегі осындай ерекше жолы замандастары тарапынан мадақталып, талантын бағалайтындар алдағы шығармашылық жолына табыс тіледі. Жақында А.Мұздаханова Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай саланы дамытуға қосқан үлесі үшін Астана қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

өнер киесі ғажап қой. Торғайдың топжарғаны, күйші, сазгер Анар Мұздаханованың кеші керемет өтті, – дейді замандасы, журналист Ләззат Қапышева.

«Бабалар үні» кітабының тең авторы, республикалық аспапшылар байқауы 1-сыйлығының, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Президенті Құрмет грамотасының иегері Анар Айтбайқызы – екі баланың анасы, аяулы жар. Тектіден текті туады демекші, ол – әрі ән-күйлері тыңдарман қауымның жүрегінен орын тапқан композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Айтбай Мұздахановтың қызы. Концерт барысында оның өнердегі және өмірдегі осындай ерекше жолы замандастары тарапынан мадақталып, талантын бағалайтындар алдағы шығармашылық жолына табыс тіледі. Жақында А.Мұздаханова Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күніне орай саланы дамытуға қосқан үлесі үшін Астана қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Президенттік орталығында Астана қаласы балалар көркемсурет мектебінің ЮНЕСКО клубымен бірлескен іс-шара өтті.

## «ӨЗГЕРІСТЕР ТОЛҚЫНЫ» – БАС ҚАЛАДА

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Туған өлкем» балалар шығармашылығын қолдау бойынша республикалық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған көрме Ақсу қаласындағы Балалар өнер мектебінің оқушыларының шығармашылығына арналды.

Елорда тұрғындары мен қонақтарының назарына биылғы оқу жылында өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өткен Ақсу қаласының Балалар өнер мектебінің талантты оқушыларының 45-ке жуық жұмыстары ұсынылды. Өз туындыларында жасөспірім суретшілер қоршаған әлемге деген көзқарастарын, сезімдері мен тәжірибелерін, туған өлкенің тарихына, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігін көрсетуге тырысты. Оқиға желісі мен композиция тәжірибелі мұғалімдермен бірге мұқият пысықталды.

Сонымен қатар, көрменің ашылу күні Балалар өнер мектебінің қосымша білім беру педагогы балаларға арналған «Акварельмен бейнеленген пейзаж: Шағылыс (бейне)» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді.

Осындай игі іс-шараға мұрындық болған астаналық Балалар көркемсурет мектебі ЮНЕСКО клубының директоры Гүлзия Исенова балаларға өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға көмектесетін педагогтардың еңбегін ерекше атап өтті. Өйткені сурет салу арқылы жас дарындар әлемге деген көзқарастарын жеткізіп қана қоймай, шынайы махаббат пен жасампаз болу ұғымдарын түсінеді.

Көрменің көз қуанышына айналған суреттердің бояуы қанық, сол арқылы бүгінгі таңда көпке жетіспейтін жарқын эмоциялар мен балалық қуаныш сезімін ұялатады. Көрме 2024 жылдың 21 маусымына дейін жалғасады.

Аяла АБЗАЛҚЫЗЫ,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



1 МАУСЫМ

- 30/05 12:00-14:00**  
«СӘЛЕМ, ЖАЗ!» ЖӘНЕ «ЕЛДІҢ БАҚЫТЫ – БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ» МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ  
«Жерұйық» саябағы
- 30/05 12:00-14:00**  
«AILAND FAMILY RUN» ОТБАСЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ  
Триатлон саябағы
- 30/05 18:00**  
КОНЦЕРТТІК БАҒДАРЛАМА  
Есіл өзеніндегі театр
- 30/05 12:00, 16:00**  
«ЭЛВИН ЖӘНЕ СИҚЫРЛЫ ОРМАН ТҮРҒЫНДАРЫ» ЕРТЕГІСІ  
Қуыршақ театры
- 31/05 10:00**  
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА  
«Билайн Арена» теннис орталығы
- 31/05**  
«НИКУЛИНИНІҢ МӘСКЕУ ЦИРКІ»  
«Mega Silk Way» COO
- 31/05 11:00**  
«БАҚЫТТЫ БАЛАЛАР – БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ» КОНЦЕРТ  
Кирпичный, Қазқалашық, Өндіріс тұрғын алаптарында және Ататүрік саябағында
- 01-02/06 11:00-14:00**  
«БӨПЕ FAIR» ОТБАСЫЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ  
Жетісу саябағы
- 01/06 06:30**  
«CHARITY SAMRUK MARATHON-2024» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАРЫСЫ  
Триатлон паркі
- 01-02/06 14:00-20:00**  
«CREATIVE SUMMER» ФЕСТИВАЛІ  
Қалалық алаң
- 01/06 15:00**  
«ҚАРА, ОҚЫ» КАРАОКЕ  
Арбат
- 01/06 күні бойы**  
БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ  
Амфи-театр
- 01/06 11:00, 12:30**  
«БУРАТИНО» ЕРТЕГІСІ  
«Жастар» театры
- 01/06 15:00**  
МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ  
Есіл өзенінің жағасы
- 01/06 күні бойы**  
АШЫҚ ЕСІК КҮНІ  
«Атамекен» Қазақстан Картасы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: ELORDA Ақпарат» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тіршілік №64  
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru  
Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ